

# "KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-мен  
(2023 жылдың 12 желтоқсанындағы  
№ 137 отырыс хаттамасы)

**к е л і с і л д і**

"KASE Клиринг орталығы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2023 жылдың 22 желтоқсанындағы  
№ 20 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2023 жылдың 22 желтоқсанынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

**Валюталық нарық және деривативтер  
нарығы бойынша клирингілік және есептік  
қызмет және орталық контрагенттің қызметі  
бойынша функционалды  
"Қазақстан қор биржасы" АҚ-дан  
"KASE клирингілік орталығы" АҚ-мен  
қабылдау  
ТӘРТІБІ**

---

---

Алматы қ.

2023

Осы Тәртіп "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатан бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына және ішкі құжаттарына (бұдан әрі – ІҚ), "KASE клирингілік орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клирингілік орталық) жарғысына және ІҚ сәйкес әзірленіп, Клирингілік орталықтың Биржадан валюта нарығы мен деривативтер нарығындағы клирингілік және есеп айырысу қызметі және орталық контрагенттің қызметі бойынша функционалды қабылдауының шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
  - 1) **жайғасым** - қаржы құралдарымен мәміле (мәмілелер) жасасу нәтижесінде Биржаға қатысты клирингілік қатысушыда туындаған және клирингілік қатысушының клирингілік шотында ескерілетін міндеттеме және (немесе) талап;
  - 2) **Биржаның клиринг ережелері** – "Қаржы құралдарымен жасалатаны мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ІҚ;
  - 3) **Клирингілік орталықтың клиринг ережелері** – "Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Клирингілік орталығының ІҚ;
  - 4) **Есепке алу шоты** – Биржаның корреспонденттік шоттарында қазақстандық теңгеде және/немесе шетел валюталарында есептелетін ақшаның ішкі есебін жүргізуге арналған, Биржаның ақпараттық жүйелеріндегі тіркеу жазбаларының және басқа белгілердің жиынтығы.
2. Клирингілік орталық Биржадан келесіні қабылдайды:
  - 1) валюта нарығының ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттар;
  - 2) деривативтер нарығының Spectra сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттар;
  - 3) Биржаның ішкі есеп жүйесінде валюта нарығына қатысушыларға ашылған есептік шоттар;
  - 4) Биржаның ішкі есеп жүйесінде деривативтер нарығына қатысушыларға ашылған есептік шоттар;
  - 5) клирингілік қатысушылардың валюта нарығы бойынша жайғасымдары;
  - 6) клирингілік қатысушылардың деривативтер нарығы бойынша жайғасымдары.
3. Осы Тәртіптің 2 тармағында көрсетілген өткізіп беру келесідей жүзеге асырылады:
  - 1) валюта нарығында және деривативтер нарығында клиринг және есеп айырысу аяқталғаннан кейін Клирингілік орталықтың валюта нарығында және Биржаның деривативтер нарығында жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруы басталатын күннің алдындағы жұмыс күні (бұдан әрі – жайғасымдар беру күні).
  - 2) осы Тәртіпке сәйкес және Клирингілік орталық пен клирингілік қатысушылар арасында жасалған тиісті келісім-шарттардың негізінде.
4. Клирингілік орталық активтерді беру күніне дейін клирингілік қатысушылармен клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарттар жасасуды қамтамасыз етеді. Мұндай келісім-шарттардың қолданылу күні валюта нарығы және Биржаның деривативтер нарығы бойынша клирингілік қызметті Клирингілік орталықтың орындауы басталған күн болуы тиіс.
5. Клирингілік орталық Биржаны жайғасымдарды берудің болжамды күні туралы ол басталғанға дейін 15 жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

## 2 тарау. ЖАЙҒАСЫМДАР МЕН АҚШАНЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

6. Клирингілік қатысушы жайғасымдарды беру күні сағат 12: 00-ден кешіктірмей Клирингілік орталыққа осы Тәртіпке 1 қосымшаның нысаны бойынша жасалған өкім беруге міндетті.
7. Егер клирингілік қатысушы көрсетілген мерзімде өкім бермесе, Клирингілік орталық осындай клирингілік қатысушыға қызмет көрсетуді тоқтата тұрады.
8. Осы Тәртіптің 6 тармағында көрсетілген клирингілік қатысушының өкімі негізінде Клирингілік орталық клирингілік қатысушының жайғасымын қабылдайды.
9. Жайғасымдарды берген күні Клирингілік орталық Биржадан мыналарды қабылдайды:
  - 1) валюта нарығының ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттар;
  - 2) деривативтер нарығының Spectra сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттар;
  - 3) Биржаның ішкі есеп жүйесінде валюта нарығына қатысушыларға ашылған есептік шоттар;
  - 4) Биржаның ішкі есеп жүйесінде деривативтер нарығына қатысушыларға ашылған есептік шоттар;
  - 5) клирингілік қатысушылардың валюта нарығы бойынша жайғасымдары;
  - 6) клирингілік қатысушылардың деривативтер нарығы бойынша жайғасымдары.
  - 7) Биржаның корреспонденттік шоттарында есепке алынатын және валюта нарығы мен деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және қаржы құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету болып табылатын ақша;
  - 5) валюта нарығының клирингілік кепілдік қорына және деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қорына салынған ақша.
10. Осы Тәртіптің 9 тармағының 1)-6) тармақшаларында көрсетілген іс-әрекеттер Клирингілік орталық пен Биржа арасында өткізіп- қабылдау актісімен ресімделеді.

## 3 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

11. Осы Тәртіппен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Клирингілік орталықтың Жарғысына, оның ІҚ-на, сондай-ақ өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Клирингілік орталықтың органдары мен лауазымды адамдарының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
12. Осы Тәртіп клирингілік шоттарды, есептік шоттарды, маржалық жарналар және кепілдік қорларына жарналар болып табылатын ақшаны беру және осы Тәртіптің 10 тармағында көрсетілген өткізіп-қабылдау актісіне қол қою аяқталғаннан кейін күшін жояды.

Басқарма Төрайымы

Хорошевская Н.Ю.

**Валюталық нарық және деривативтер нарығы бойынша клирингілік және есептік қызмет және орталық контрагенттің қызметі бойынша функционалды "Қазақстан қор биржасы" АҚ-дан "KASE Клиринг орталығы" АҚ-мен қабылдау тәртібіне**

**1 қосымша**

Ақшаны, міндеттемелерді және талаптарды қабылдауға

өкім

Осымен \_\_\_\_\_ (клирингілік қатысушының толық атауы) "KASE Клиринг орталығы" АҚ тапсырады:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-дан қабылдасын:

Биржаға қатысты клирингілік қатысушыда валюта нарығының ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде және деривативтер нарығының Spectra сауда-клирингілік жүйесінде қаржы құралдарымен мәміле (мәмілелер) жасасу нәтижесінде туындаған және клирингілік қатысушының клирингілік шотында ескерілетін міндеттемелер және (немесе) талаптар;

Шетел валюталарымен сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелеріне және Деривативтер нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру ережелеріне сәйкес "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ға ұсынылған теңгедегі және шетел валютасындағы клирингілік қатысушының банктік шоттарының деректемелері.

Биржаның төлем тапсырмасы негізінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ-дан алсын:

1. валюта нарығы мен деривативтер нарығына клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге арналған ақша;
2. валюта нарығының клирингілік кепілдік қорына және деривативтер нарығының клирингілік кепілдік қорына жарналар болып табылатын ақша.

Қабылдау және алу Биржа соңғы күні валюта нарығында және деривативтер нарығында орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыратын жұмыс күнінің соңында жүзеге асырылады.

Биржа валюта нарығында және деривативтер нарығында орталық контрагенттің қызметін соңғы күні жүзеге асыратын жұмыс күнінің соңында Биржа анықтаған мөлшерде ақша, міндеттемелер мен талаптарды алу.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[инициалдары, тегі]

Орындаушы: \_\_\_\_\_ (А. Ә. Т.) \_\_\_\_\_ (тел.)